

«Бекітемін»

№20 Т.Бердияров атындағы мектеп
директоры:

ЕЮсупов

« » 2023 ж.

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

*Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі
2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы*

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді.

Психологиялық қызметтің мақсаты - білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы тандауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;
- 6) білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;
- 7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалу туралы белгі
1-Диагностика							
1	Бесінші сынып оқушыларының орта буынта бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу; Жүргізілетін әдістеме: «Менің сыныбым» әдістемесі	Диагностика ✓	5 сынып	Қыркүйек	Проективті әдістеме	Педагог – психолог	Анықтама
2	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау Жүргізілетін әдістеме: DASS шкаласы /7-11 сынып/ НСВ-10 тесті /5-6 сынып/	Диагностика ✓	5-11 сынып	Қазан	Сауалнама, тест	Педагог – психолог	Анықтама
3	Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары Әссе: «Өзіңді мақта» /5 сынып/ «Менің армандарым» /6 сынып/ «Менің өмірім» /7 сынып/ «Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/ «Мен өзгерткім келеді» /9 сынып/ «Мен таңдаған өмір» /10 сынып/ «Болашаққа хат» /11 сынып/	Диагностика ✓	5-11 сынып	Қараша	Әссе	Педагог – психолог	Анықтама
4	Кәсіби бағдарға байланысты сауалнама қою	Диагностика	9,11 сынып	Қаңтар	Тест, сауалнама	Педагог – психолог	Анықтама
5	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау Жүргізілетін әдістеме:	Диагностика	5-11 сынып	Наурыз	Сауалнама, тест	Педагог – психолог	Анықтама

	DASS шкаласы /7-11 сынып/ НСВ-10 тесті /5-6 сынып/						
II. Түзету-дамыту жұмысы							
	Бесінші сынып оқушыларын бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуіне психологиялық сабақ: 1.«Бірінші рет 5 сыныпқа » тренингі 2. «Менің мектептегі сезімім» тренингі 3. «Мен өзімді мақтай аламын» тренингі 4. «Реніштен арылу» тренингі	Түзету -дамыту	5 сынып	Тоқсанына 1 рет	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
	Мектеп бітіруші 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға және мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақ: 1.«ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» 2. «Кәсіптік бағдар: Кім болғым келеді?» тренингі 3. «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» тренингі 4.«Толеранттылық (төзімділік) деген не?» тренингі	Түзету -дамыту	11 сынып	Тоқсанына 1 рет	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
	«Пікірталас –жанжал емес»	Түзету –дамыту	6 сынып	Қазан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
	«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?»	Түзету –дамыту	10 сынып	Желтоқсан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
	«Күйзелістен қалай арылуға болады?»	Түзету –дамыту	8-9 сынып	Желтоқсан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама

	«Реніштен арылу»	Түзету – дамыту	6 сынып	Қаңтар	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
	«Ой, сезім, мінез-құлық»	Түзету – дамыту	8 сынып	Қаңтар	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
	«Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым»	Түзету – дамыту	7 сынып	Ақпан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
	«Менің құқықтарым»	Түзету – дамыту	9 сынып	Ақпан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
	«Қиын жағдайлардан не үйреніміз?»	Түзету – дамыту	10 сынып	Сәуір	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
III. Профилактика және психологиялық ағарту							
	«Балалар үшін бірігейік» сынып жетекшілерді ақпараттандыру	Ағарту жұмысы	5-11 сынып жетекшілері	Қыркүйек	Жаднама тарату Жиналыс	Педагог – психолог	Хаттама
	Жеткіншектердің психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту. «Менің психологиялық денсаулығым»	Профилактика	7-8 сынып	Қараша	Дәріс	Педагог – психолог Емхана, ЖБО мамандарымен бірлескен жұмыс	Анықтама
	Қыз балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу	Ағарту жұмысы	7-10 сынып	Желтоқсан	Кездесу	ДТО Педагог – психолог Мектеп аяжаны	Анықтама
	«Репродуктивті саулық. Оны сақтау дағдылары»	Профилактика	8-10 сынып	Қаңтар	Дәріс, кеңес беру	Педагог – психолог Емхана, ЖБО мамандарымен бірлескен жұмыс	Анықтама, хаттама
	Психологиялық апталық: «Психология әлеміндегі мен...» (тақырыпты ауыстыруға болады)	Ағарту жұмысы	1-11 сынып, ата-ана, мұғалімдер	Ақпан	Апталық	Педагог – психолог Сынып жетекшісі	Қорытынды есеп

Ер балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу	Ағарту жұмысы	7-10 сынып	Ақпан	Кездесу	ДТО Педагог – психолог Мектеп аяжаны Мектеп инспекторы	Анықтама
«Stop bullying: Бәрі сенің қолыңда! Тақырып өзгертуге болады болады	Ағарту жұмысы	5-9 сынып	Ақпан	3 күндік акция	ДТО Педагог – психолог Әлеуметтік педагог	Қорытынды есеп

IV. Консультация беру

1,5 сыныпқа жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша кеңес беру	Кеңес беру	1,5 сынып оқушылар	Қыркүйек			Кеңес беру журналына тіркеу
Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері, ата-аналарға психологиялық сүйемелдеу	Ағарту жұмысы	Пән мұғалімдері ата-аналар	Қыркүйек			ППҚҚ хаттамасы
Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған оқушылармен сұхбат жүргізу, «Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау;	Кеңес беру	5-11 сынып	Кезінде			Кеңес беру журналына тіркеу
Сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру	Мұғалім, ата-ана, оқушы	Кезінде			Кеңес беру журналына тіркеу

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу	V.Ұйымдастыру	1-11 сынып ата-аналары	Қыркүйек	Келісім парағы		Келісім парағын жинақтау
Ата – аналар жиналысы №1.«Балалар үшін бірігейік» ата-аналарды ақпараттандыру жиналысы №2. Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инстпекторы, мектеп аяжаны, емхана психологі маманмен бірлескен жиналыс №3. Ерте жүктілік №4. Онлайн ойындар	V.Ұйымдастыру	Ата-аналар	Токсанына 1 рет	Жаднама тарату Жиналыс		Хаттама
Психологиялық қызмет отырысын үйлестіру	V.Ұйымдастыру	ПҚ мүшелері	Кезінде	Жианлыс		Хаттама
ПҚ жартыжылдық және жылдық қызметі туралы талдамалық есептер	V.Ұйымдастыру		Жарты жылдық			Қорытынды есеп

Педагог – психолог:



А.Айботаева